

«ҚАРАЛДЫ»

№1 педагогикалық кеңес
«12...» тамыз, 2025 жыл

«БЕКТЕМІН»

Ақтобе қаласы «№39 қазақ орта жалпы
білім беру мектеп-лицейі» КММ
/директоры А.Кисикова



**«№39 қазақ орта жалпы білім беру мектеп-лицейі» КММ-нің
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру жөніндегі
2025 - 2026 оқу жылына арналған
ЖОСПАРЫ**

Ақтобе - 2025 жыл

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілде № 194 бұйрығына өзгеріс енгізілген 2025 жылдың Оқу-ағарту министрлігі 26 мамырдағы №123 бұйрығы бойынша, «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің 2024 жылғы 06 тамыз № 380 бұйрығына өзгерістер енгізілген 2025 жылғы 15 тамыздағы № 341 және «Ақтөбе қалалық білім бөлімі» ММ-нің 2025 жылғы 22 тамыз № 386 бұйрығы.

«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам - Адал еңбек - Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде негізгі құндылықтарды атап өтті:

- тәуелсіздік және отаншылдық
- бірлік және ынтымақ
- әділдік және жауапкершілік
- заң және тәртіп
- еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
- жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдерін қамтамасыз ету;
білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады. Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАНЫҢ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым тұлғаларының бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Бастауыш мектеп түлегі:

- мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;
- мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;
- дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;
- отбасының құндылығын түсіну;
- тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;
- қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

Құндылық: бірлік және ынтымақ

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Бастауыш мектеп түлегі:

- командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;
- өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;
- басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;

- бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;
- тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

Құндылық: әділдік және жауапкершілік

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Бастауыш мектеп түлегі:

- шындықты айту;
- достыққа адал болу;
- жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;
- өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;
- заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

Құндылық: заң және тәртіп

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Бастауыш мектеп түлегі:

- өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық
- ережелерін сақтау;
- қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;
- педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген
- немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;
- кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының
- құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Бастауыш мектеп түлегі:

- мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;
- өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;
- отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;
- нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол
- жеткізуге ұмтылу;
- өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

Құндылық: жасампаздық және жанашылдық

Құзыреттілік: шығармашылық

Бастауыш мектеп түлегі:

- қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасай алу;
- жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде қолдана алу;
- инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу, технологиялық дағдыларды меңгеру;

- жаңа тәсілдер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу;
- өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығы мен салдарын түсіну.

Жобалар - бұл білім беру мен қоғамның әртүрлі аспектілерін жақсартуға, білім алушыларды, ата-аналарды, педагогтерді профилактикалық іс-шараларға тарту арқылы жеке құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған білім беру бастамалары.

Жүзеге асырылатын жобалар/ проекты

1. **«Қамқор» жобасы** - әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу
2. **«Ұшқыр-ой алаңы» жобасы** - тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу
3. **«SMART BALA» жобасы** - инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу
4. **«Шабыт» жобасы** - білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу
5. **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** - білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы

арқылы құндылықтарды дәріптеу

6. **«Балалар кітапханасы» жобасы** - кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру

Барлық жобалардың өткізілуі **#Адал_Азамат** хэштегі арқылы әлеуметтік желілерде және БАҚ жарияланады.

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ АТАУЛЫ КҮНДЕР

- Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, саяси қайраткер Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына 180 жыл (10.08.1845 – 1904);
- Жазушы, қоғам қайраткері, Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллиннің туғанына 110 жыл (15.11.1915-02.11.1973);
- Қазақтың тұңғыш романының авторы, ақын, публицист, мәдениет және қоғам қайраткері Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл (21.11.1885-05.10.1935);
- Жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Сапарғалы Ысқақұлы Бегалиннің туғанына 130 жыл (24.11.1895-05.03.1983);
- Көрнекті ағартушы, тарихшы, публицист, лингвист, географ, музыка зерттеуші, археолог, этнограф Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына 190 жыл (1835-1865);
- Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл (24.12.1910-10.06.1982);
- Халық поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл (1846-1945);
- Қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың туғанына 160 жыл (25.03.1866-1937);
- Педагог, қоғам қайраткері Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туғанына 120 жыл (29.04.1906-1968).

ТӘРБИЕНІҢ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Білім туралы заңы;
- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысы;
- «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығына ;
- «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы;
- «Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осалобъектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚРБҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы;
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» (Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгіережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 қаулысы;
- «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08. 2023 ж. № 748 қаулысы;
- «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 25.05.2021 ж. № 235 бұйрығы;
- «Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасындағы 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы;
- «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы;
- «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4 бұйрығы;
- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;
- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімненкейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардыңнысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. №130 бұйрығы;
- «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы;
- «Орта білім беру ұйымдарында мектепшілік есепке алуды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 наурыздағы № 61 бұйрығы;
- «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы.

№	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері
КҮНДЕЛІКТІ АТҚАРЫЛАТЫН ІС-ШАРАЛАР				
1	-«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.; -«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі; -«Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу; -«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау; - «Балалар кітапханасы» жобасы аясында мектептерде үзіліс кездерінде «15 минут кітап оқу» акцияларын ұйымдастыру (<i>ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы оқуға ұсынылған көркем әдебиеттер тізімі бойынша: Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, Тахауи Ахтанов, Шерхан Мұртаза, Бердібек Соқпақбаев, сондай-ақ Эрнест Хемингуэй, Джесс Лондон, Рабиндранат Тагор, Александр Островский, Вальтер Скотт, Михаил Лермонтов т.б.</i>).	Үзіліс кезінде	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер	Күнделікті жыл бойы
АПТА САЙЫН АТҚАРЫЛАТЫН ІС-ШАРАЛАР				
1	-«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды; - «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру	Аптасына 1 рет	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер	Апта сайын жыл бойы

	ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады; -«<i>Қауіпсіздік сабағы</i>» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.			
АЙ САЙЫН АТҚАРЫЛАТЫН ІС-ШАРАЛАР				
1	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (алдын алу)	Алдын алу шарасы	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер	Айына 1 рет
2	«Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай кезінде әрекет ету тәртібі туралы» интерактивтік сабақтар	Алдын алу шарасы	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер	Айына 1 рет
ТОҚСАН САЙЫН АТҚАРЫЛАТЫН ІС ШАРАЛАР				
1	«ДосболLIKE» акциясы	Акция	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер мектеп психологтары Г.Минаева Г.Жансейітова әлеуметтік педагог А.Калсаева	Тоқсанына 1 рет
2	Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында білім беру ұйымдарына алып кіруге тыйым салынғ заттарды әкелуге шектеу қою бойынша рейдтік шаралар	Профилактикалық шара, хаттама	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер	Тоқсанына 1 рет

3	Ерте жүктіліктің, жыныстық қол сұғылмаушылықтың алдын алу мақсатында «Ерте жүктіліктің қауіп – қатері» <i>қыз балалар клубтарының отырысы</i>	Облыстық жоспар бойынша, хаттама	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер	Тоқсанына 1 рет
ЖЫЛ БОЙЫ АТҚАРЫЛАТЫН ІС-ШАРАЛАР				
1	«Болашаққа жолдама» жобасы <i>«Еңбегі адал-жас өрен» жобасы</i>	Облыстық жоспар бойынша	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер мектеп психологтары Г.Минаева Г.Жансейітова әлеуметтік педагог А.Калсаева	Жыл бойы
2	2025 жыл – «Жұмысшы мамандықтыр жылы» аясында білім алушыларды мамандықтармен таныстыру үшін әртүрлі өндіріс орындарына немесе мекемелерге бару <i>«Еңбегі адал-жас өрен» жобасы</i>	«Еңбегі адал - жас өрен» жобасы бойынша	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер мектеп психологтары Г.Минаева Г.Жансейітова әлеуметтік педагог А.Калсаева	Жыл бойы
3	Ақтөбе облысының білім беру ұйымдарында құрылған «Adal urpaq» , «Sanaly urpaq» жобалары аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыру жөніндегі 2025 жылға арналған іс-шаралары <i>«Еңбегі адал-жас өрен» жобасы</i>	Облыстық жоспар бойынша	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер мектеп психологтары Г.Минаева Г.Жансейітова әлеуметтік педагог А.Калсаева	Жыл бойы
4	«Birgemiz: Qamqor» акциясы (<i>қарттар үйлеріне, жалғыз басты қарияларға көмек көрсету</i>) <i>«Қамқор» жобасы</i>	Облыстық акция	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер мектеп психологтары Г.Минаева Г.Жансейітова әлеуметтік педагог А.Калсаева	Жыл бойы
5	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы	Облыстық акция	Батыргалиев Б.К	Жыл бойы

	« Birgemiz: Taza Alem » акциясы (қоршаған ортаны қорғау, өзендер мен ормандарды тазалау, ағаш отырғызу және т.б.) «Қамқор» жобасы		Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер мектеп психологтары Г.Минаева Г.Жансейітова әлеуметтік педагог А.Калсаева	
6	« Мейірімділік – адамдықтың негізі » акциясы (күнкөрісі төмен, көпбалалы және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім-балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек пен қолдау көрсету) «Қамқор» жобасы	Облыстық акция	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер мектеп психологтары Г.Минаева Г.Жансейітова әлеуметтік педагог А.Калсаева	Жыл бойы
7	Ақтөбе облысының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында экологиялық білім мен тәрбиені дамыту жөніндегі 2025-2026 жылдарға арналған кешенді іс-шара жоспары «Қамқор» жобасы	Облыстық жоспар	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер мектеп психологтары Г.Минаева Г.Жансейітова әлеуметтік педагог А.Калсаева	Жыл бойы жоспар негізінде
8	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың, ертек жүктіліктің, нашақорлықтың, діни экстремизм мен терроризмнің, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған 2025 жылға арналған іс-шаралар жоспарлары Алдын алу шаралары	Облыстық жоспар	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер мектеп психологтары Г.Минаева Г.Жансейітова әлеуметтік педагог А.Калсаева	Жыл бойы жоспар негізінде
ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ – ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР				
1	«Адал азамат» біртұтас бағдарламасы: құндылыққа негізделген тәрбие жүйесін тиімді жүзеге асыру тетіктері» оқыту семинары	Жоспарға сәйкес	Облыстық білім басқармасы, облыстық әдістемелік орталығы	Тамыз

2	Тәрбие процесін жоспарлау, бекіту жұмыстары	Жоспарға сәйкес	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Тамыз
3	«Мектепке жол» республикалық акциясы	Жоспарға сәйкес	Әлеуметтік педагог	Тамыз
4	Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай «Қабылдаудан – прогреске: ҚР Конституциясының тарихы» атты кітап көрмелері	Кітап көрмесі	Мектеп кітапханашысы	Тамыз
5	Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай «Менің өмірімдегі Конституция» челленджі	Челлендж	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер мектеп психологтары Г.Минаева Г.Жансейітова әлеуметтік педагог А.Калсаева	Тамыз

ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

1 қыркүйек – «Білім күні»

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні

Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні

Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Оқусыз – білім жоқ, білімсіз – күнің жоқ»

1	Білім күні «Мектеп – мейірім мекені!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) («Біртұтас ел, біртұтас жер – отан қорғаушыларды тәрбиелеу идеологиясы» ерлік сабағы (10 минут))	Салтанатты іс-шара /сынып сағаты	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер мектеп психологтары Г.Минаева Г.Жансейітова әлеуметтік педагог А.Калсаева	02.09.2025ж- 05.09.25ж
2	Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай «Ата Заң – Тәуелсіздік тірегі» бірыңғай сынып сағаты	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	02.09.2025ж- 05.09.25ж
3	Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай «Қабылдаудан – прогреске: ҚР Конституциясының тарихы» атты кітап	Кітап көрмесі	Мектеп кітапханашысы	02.09.2025ж- 05.09.25ж

	көрмелері			
4	Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай «Менің өмірімдегі Конституция» челенджі	Челлендж	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер мектеп психологтары Г.Минаева Г.Жансейітова әлеуметтік педагог А.Калсаева	02.09.2025ж- 05.09.25ж
5	«100 кітап» жобасы: «Мен оқыған кітапты сен де оқы» библио-кросс акциясы	Акция	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер мектеп кітапханашысы, жоба жетекшісі	ай бойы
6	«Тіл – тәуелсіздік тұғыры» (А.Байтұрсыновтың туған күніне орай)	Қазақстан халқы тілдері күніне арналған жалпы мектептік іс-шара	Гуманитарлық цикл пәндер мұғалімдері	02.09.2025ж- 05.09.25ж
7	Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру <i>«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы»:</i> <i>«Адал азамат тәрбиелеудегі жауапты ата- ана, қолдаушы ұстаз және қауіпсіз мектеп »</i>	Ата-аналар жиналысы №1	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, педагог-психолог	8-9.09.2025ж
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!»				
8	«Жол ережесін сақтау – қауіпсіздік кепілі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ІІД және т. б.) бірлесіп	8.09- 13.09.25ж
9	«Ата-ана мектебі» : Отбасы күніне арналаған іс-шаралар «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» сынып сағаттары, «Отбасымен демалыс-бақытты отбасылық инвестиция» бейнеролик «Менің отбасым» сурет көрмесі	Отбасы күніне арналған іс шаралар	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер	8.09- 13.09.25ж
10	«Балалар кітапханасы» жобасы : «Абай – ұлы даланың ұлы ойшылы»	Көрме	Мектеп кітапханашысы- Конырова Н	10.09.25ж

	<i>Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына орай виртуалды кітап көрмесі</i>		сынып жетекшілер	
11	Қыздармен жұмыс: «Қыз-елдің көркі» тақырыбында семинар -тренинг	кездесу	Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер	11.09.2025ж
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбекқорлық – адамның ең жақсы қасиеті» (Абай)				
12	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығына сай сынып сағатының тақырыбын алу <i>Үлгі: 1-4 сыныптар «Біздің үйдегі еңбек» 5-9 сыныптар «Адал еңбек – адамдықтың белгісі» 10-11 сыныптар «Мамандық пен еңбек таңдауы – болашаққа бастар жол» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен <i>(Ішкі саясат өкілдері, арнаулы және жоғары оқу орындарының өкілдері т.б)</i> бірлесіп	15.09.- 19.09.2025ж
13	«Менің мектебім буллингке қарсы» республикалық акция «Футболдан мектеп біріншілігі» 6 сыныптар арасында	футбол	Футбол секциясының жетекшісі А.Тлеубергенов	19.09.2025ж
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен!»				
14	«Еңбекқорлық-табыстың кілті» Қауіпсіздік сабағы <i>(10 минут)</i>	Еңбек күніне арналған сынып сағаты	Сынып жетекшілері	22.09.- 26.09.25ж
15	Шабыт жобасы: «Театрдың ғажайып әлемі»	Облыстық байқауға іріктеу	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер	22.09.- 26.09.25ж
16	«Денсаулық – зор байлық» фестивалі	«Денсаулық фестивалі» Мектепшілік шара	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер	Ай жоспарына сәйкес
17	Қамқор жобасы: «Бір қадам – үлкен өзгеріс» бейнероликтер түсіру	Әлеуметтік желіге жариялау	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер	Қыркүйек
18	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы	Таза сенбіліктер	Батыргалиев Б.К	Қыркүйек

	<i>«Қамқор» жобасы</i>		Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер, жоба жетекшісі	
19	«Қауіпсіз мектеп» акциясы (Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (жолда жүру ережелерін сақтау, құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары)) «Қауіпсіз қоғам» жобасы (алдын алу шаралары)	Мектепшілік алдын алу шаралары	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ІІД, ТЖД, әділет департаменті және т.б.)	Айына 1 рет
20	«Жас қаламгер» клубы: «Сыр сұхбат» жергілікті ақын –жазушылармен кездесу <i>«Балалар кітапханасы» жобасы (облыстық жоспар негізінде)</i>	Кездесу	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер, жоба жетекшісі	29.09.25ж
21	«Адал болу – әр адамның міндеті» <i>тақырыбында бірыңғай адалдық сағаты</i> <i>#АдалдықсағатыАқтөбе2025</i>	Адалдық сағаты	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер	22.09.- 26.09.25ж
22	1. Жылыту кезеңіндегі өрт қауіпсіздігі ережелері 2. Алғашқы өрт сөндіру құралдары және оларды қолдану ережелері 3. Радиациялық – химиялық, бактериологиялық қорғау <i>Білім алушылардың қатысуымен интерактивті сабақтар (онлайн)</i> (алдын алу шаралары облыстық жоспар негізінде)	Алдын алу шарасы	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер, АӘД пәні мұғалімдері	26.09.2025

ҚАЗАН АЙЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ

1 қазан – Халықаралық қарттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

24 қазан – Кітапханашылар күні

25 Қазан – Республика күні

I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәуелсіздік-ұлтымыздың мәңгілік ұраны»				
1	«Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (Қорғаныс бөлімшелері, әскери мамандар) бірлескен	29.09-03.10.2025ж
2	Қамқор жобасы:«Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет, халықаралық акция «Қамқор» жобасы (облыстық жоспар негізінде)	Жалпы мектепішілік волонтерлық акциясы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, тәлімгер, жоба жетекшісі	29.09-03.10.2025ж
3	Қамқор жобасы: «Қуаныш сыйлайық» (қарттар үйіне концерт ұйымдастыру, қарттарға құрмет көрсету)	Мектепішілік шара	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, тәлімгер, мектеп парламенті	29.09-03.10.2025ж
4	Қарттар күніне «Қарттарын ардақтаған елдің – қазынасы мол» мерекелік концерт	мерекелік концерт	6 сынып жетекшілері	30.10.25ж
5	Шабыт жобасы: 5 қазан – Мұғалімдер күніне арналған «Даналық ұстаздан» челленджі	Мұғалімдер күніне арналған челлендж	Сынып жетекшілері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	29.09-03.10.2025ж
6	Ұстаздар күніне «Ұстаз-мәңгілік шамшырақ» мерекелік концерт	мерекелік концерт	11 сынып жетекшілері	03.10.25ж
7	Ұстаздар күні қарсаңында өзін-өзі басқару ұйымдары мүшелерінің қатысуымен «Дублер күнін» ұйымдастыру «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы	Әлеуметтік желіге ақпарат	Мектеп директорының оқу және тәрбие жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер, сынып жетекшілер.	29.09-03.10.2025ж
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас»				
8	«Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	06.10-10.10.25ж
9	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы : «Күзгі асар» жәрмеңкесі	Жәрмеңке	Сынып жетекшілері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы тәлімгер	06.10-10.10.25ж
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл» (Ы.Алтынсарин)				
10	«Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылығына	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі	13.10-17.10.25

	сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)		мемлекеттік органдармен бірлесіп	
11	«Тәуелсіз Қазақстан Ұлы дала елі» (Қазақстанның табиғаты, мәдениеті, қалалары мен жетістіктері туралы фотсуреттер ұсыну) «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы (облыстық жоспар негізінде)	Фото көрме	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	13.10-17.10.25
12	Мектеп парламентінің президентін сайлау «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы (облыстық жоспар негізінде)	Мектеп сайлауы	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер	13.10-17.10.25
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Отанды сүю – отбасынан басталады»				
13	«Адамгершілік және адалдық» мектепішілік турнирі «Ұшқыр ой алаңы» жобасы және облыстық жоспар негізінде	Турнир (аудандық/қалалық, облыстық байқауға іріктеу)	Жоба жетекшісі	20.10-24.10.25
14	«Қазақстан Республикасы: кеше, бүгін, ертең» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер	20.10-24.10.25
15	«Тәуелсіздік пен Республика – егемен елдің қос тірегі» мектепішілік іс-шара «Қыран елім-Қазақстан» Республика күніне орай туған өлкесінің ақын- жазушыларының кітаптарына шолау жасау «Балалар кітапханасы» жобасы (облыстық жоспар негізінде)	Республика күніне арналған жалпы мектепішілік іс-шара және кітаптарға шолу жасау	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер тәлімгер, мектеп кітапханашысы	20.10-24.10.25
16	«Кітапханаға кітап сыйла» кітапханашылар күніне орай кітапханаға кітап сыйлау акциясы «Балалар кітапханасы» жобасы (облыстық жоспар негізінде)	Кітапханашылар күніне арналған жалпы мектепішілік іс-шара	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кітапханашы	20.10-24.10.25
17	Ұлттық мәдениет көрмесі «Шабыт» жобасы (облыстық жоспар негізінде)	Ұлттық көрме	Эстетика пәні бірлестігі, жоба жетекшісі, үйірме жетекшілері	20.10-24.10.25
18	«Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу» (нашақорлықтың, вейп, есірткі	Мектепішілік алдын алу шаралары	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары мүдделі	Айына 1 рет

	<i>бизнесінің алдын алу)</i> «Өмірге салауатты қадам» жобасы <i>(алдын алу шаралары)</i>		мемлекеттік органдармен бірлесіп <i>(Есірткі қылмысына қатысты департаменттер, денсаулық саласының өкілдері, қаржы мониторингі агенттігінің мамандары)</i>	
19	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы <i>«Қамқор» жобасы</i>	Таза сенбіліктер	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер	Әр аптаның бейсенбі күні
20	«Жас актер» аудандық/қалалық байқауы <i>«Шабыт» жобасы</i>	Аудандық/қалалық байқауға іріктеу	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, жоба жетекшісі	Қазан
21	«Сыбайлас жемқорлықсыз болашақтың кілті – жастарда!» тақырыбында көңілді тапқырлар клубы командалары арасында ойындар ұйымдастыру <i>«Шабыт» жобасы</i>	Көңілді тапқырлар клубы ойындары	Б.Батыргалиев Д.Қамбарбек	Қазан
22	1. Қыстың кезеңдегі өрттің себептері және өрт қауіпсіздігі шаралары 2. Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарында өрттің алдын алу <i>Білім алушылардың қатысуымен интерактивті сабақтар (онлайн)</i>	Алдын алу шарасы	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер АӘД пәні мұғалімдері	Қазан
23	Ата-аналарды қолдау орталығының сабақтары	сабақ	С.Таяуова .С.Елеусізова мектеп психологтары	қазан

ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні

16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні

I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Әділ болу – адамгершіліктің ең биік шыңы»

1	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс»	Сынып сағаты	Батыргалиев Б.К	03.11-7.11.25ж
---	--	--------------	-----------------	----------------

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут)		Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер	
2	«Балалар кітапханасы» жобасы: «Мен оқыған бір кітап...» библио-кросс акциясы (күзгі каникул кезінде оқыған кітаптарын жарнамалау)	Акция	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер , мектеп кітапханашысы, жоба жетекшісі	03.11-7.11.25ж
3	Мектеп театры «Театр және тарих» тарихи оқиғаларды сахналау «Шабьт» жобасы	Театр қойылымы	Жоба жетекшісі	03.11-7.11.25ж
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жауапкершілік адамды адам етеді»				
4	«Теңге – Тәуелсіз Қазақстанның жетістігі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	
5	Барлық мектеп пәндері бойынша, сыныптар бойынша іріктеу турнирлерін өткізу зияткерлік ойындары «Ұшқыр ой алаңы» жобасы	Зияткерлік ойын	Жоба жетекшілері	10.11-14.11.25ж
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Әділет – мемлекеттің негізгі күші» (Әл-Фараби)				
6	«Startup» байқауы Білім алушылардың қоршаған кеңістікті жақсарту жөніндегі идеялары бойынша форсайт сессиялары «SMART BALA» жобасы	Инновациялық идеялардың тұсаукесері	Сынып жетекшілері, өзін-өзі басқару ұйымы, жоба жетекшісі және информатика пәнінің мұғалімдері	17.11-21.11.25ж
7	«Әділдік және жауапкершілік» тақырыбында сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	17.11-21.11.25ж
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жауапкершілік – табыстың кілті»				
8	«Өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік» тақырыбында сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	сынып жетекшілері	24.11-28.11.25ж
9	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, қаржылық сауаттылық)	Мектепшілік алдын алу шаралары	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен	27.11.25ж

	«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы (алдын алу шаралары)		бірлесіп (Әділет департаменті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті, қаржы департаменті)	
10	«Парламент өмірінен бір күн» «Мектеп парламенті» мүшелері арасында челлендж <i>«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы</i> (облыстық жоспар негізінде)	Челлендж	Батыргалиев Б.К Таяуова С.Ж Әлібаева Г.Б сынып жетекшілер ,	28.11.25ж
11	Мамандықтар әлемі <i>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы</i>	Түсіндіру жұмыстары	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	25.11.25ж
12	«Қауіпсіз жол – әрқайсымыздың міндетіміз» қысқы жол қауіпсіздігіне арналған акция (жолда жүру қауіпсіздігін насихаттау, жаяу жүргіншілер мен жүргізушілерге арналған ақпараттық және ескерту акцияларын ұйымдастыру) <i>«Қамқор» жобасы</i>	Акция	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ИД, ТЖД.)	28.11.25ж
13	«Жақсы кітап – жан азығы» <i>«Балалар кітапханасы» жобасы</i>	Эссе байқауы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, мектеп кітапханашысы, жоба жетекшісі	24.11.25ж
14	«Адалдық: ар-намыс пен адамгершілік жолы» <i>«Ата – аналарды педагогикалық қолдау</i> <i>орталығы» жобасы аясында білім алушылармен</i> <i>дөңгелек үстел өткізу</i>	Дөңгелек үстел	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәлімгер, жоба жетекшісі	28.11.25ж
15	1. Көктайғақ пен көк мұз кезіндегі сақтық шаралары 2. Қысқы кезеңдегі мінез-құлық ережелері	Алдын алу шарасы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәлімгер, АӘД пәні мұғалімдері	24.11-28.11.25ж

	3. Тұрмыстық электр құралдармен айналасу ережелері <i>Білім алушылардың қатысуымен интерактивті сабақтар (онлайн)</i>			
ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ 5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Татулық пен бірлік – елдің іргетасы»				
1	«Тәуелсіздік негізі – бірлік және ынтымақ» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	01.12-05.12.25
2	Халықаралық еріктілер күніне орай еріктілер қозғалысының құрамына қабылдау рәсімін өткізу <i>«Қамқор» жобасы</i>	Қабылдау рәсімі	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, тәлімгер	01.12-05.12.25
3	«Қамқор» жобасы : «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы	Мектептегі/сыныптағы тазалықты қолдау акциясы	Сынып жетекшілері	01.12-05.12.25
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады»				
4	«Бірлік және ынтымақ» құндылығына байланысты сынып сағаты <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	08.12.-12.12.25
5	«100 кітап» жобасы: Әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі / кітап кейіпкерлері байқауы, «Бір отбасы – бір кітап» байқауы	Әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі / кітап кейіпкерлері байқауы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, мектеп кітапханашысы, жоба жетекшісі	08.12.-12.12.25
6	«Еңбегі адал-жас өрен» жобасы: «Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі	Челлендж	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	08.12.-12.12.25
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлік болмай тірлік болмас»				
7	«Бірлік және ынтымақ» құндылығына байланысты сынып сағаты <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	15.12-19.12.25

8	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы : Заңды сақтау, құрметтеу және міндеттерді орындау бойынша турнир	Мектепшілік турнир	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, жоба жетекшісі	15.12-19.12.25
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ынтымақ – бұзылмайтын қорған»				
9	«Бірлік және ынтымақ» құндылығына байланысты сынып сағаты <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	22.12-26.12.25ж
10	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (ерте жүктіліктің алдын алу, зорлық зомбылықтың алдын алу) «Буллингтен қорған!» жобасы <i>(алдын алу шаралары)</i>	Мектепшілік алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп <i>(Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)</i>	Ай жоспарына сәйкес
11	«Сыбайлас жемқорлыққа – жол жоқ!» <i>Халықаралық сыбайлас жемқорлықпен күрес күніне челлендж ұйымдастыру</i>	Челлендж	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, жоба жетекшісі	22.12-26.12.25ж
12	1. Пиротехникалық өнімдерді қолдану кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау 2. Мерекелік күндердегі өрт қауіпсіздігінің алдын алу <i>Білім алушылардың қатысуымен интерактивті сабақтар (онлайн)</i> <i>(алдын алу шаралары облыстық жоспар негізінде)</i>	Алдын алу шарасы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәлімгер, АӘД пәні мұғалімдері	25.12.2025ж
13	Ата-аналарды қолдау орталығының сабақтары	сабақ	С.Таяуова .С.Елеусізова мектеп психологтары	23.12.25ж
ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ 1 қаңтар – Жаңа жыл				

I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Талап бар жерде тәртіп бар»				
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәртіп — тәрбие бастауы, тәртіпсіздік – өміріңнің қас жауы»				
1	«Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	12-16.01.26ж
2	<i>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы :</i> Мамандықтар марафоны <i>Әр түрлі саладағы ең жақсы маманды анықтауға арналған конкурс</i>	Байқау	Жоба жетекшісі, сынып жетекшілері, өзін өзі басқару ұйымы	12.-16.01.26ж
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Әділ заң – болашақ кепілі»				
3	«Заң және тәртіп» құндылығына арналған сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	19.01-23.01.26ж
4	<i>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы :</i> Белгілі тұлғалар бойынша, атаулы күндер бойынша, әлемдік және спорттық іс шаралар бойынша зияткерлік ойындар	Зияткерлік ойын	Жоба жетекшілері	19.01-23.01.26ж
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды»				
5	«Заң және тәртіп» құндылығына арналған сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	26.01.- 30.01.26ж
6	«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауы <i>Мектептің мүмкіндігіне қарай жасанды интеллекті пайдалана отырып, командалық инновациялық жұмыстар байқауы («SMART BALA” жобасы)</i>	Байқау	Информатика, жаһандық құзыреттілік мұғалімдері, жоба жетекшісі	26.01.- 30.01.26ж
7	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (құқықбұзушылықтың алдын алу, лудоманияның алдын алу) «Ойынға салауатты көзқарас» жобасы	Мектепшілік алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ИД, Дін басқармасы, құқық	Ай жоспарына сәйкес

	<i>(алдын алу шаралары)</i>		<i>қорғау органдары, қаржы мониторингі агенттігінің мамандары және т. б.)</i>	
АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ 14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Келешек – білімді жастың қолында» (Ахмет Байтұрсынұлы)				
1	«Жасампаздық пен жаңашылдық» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы <i>(10 минут)</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	02.02-06.02.26ж
2	Құндылықтар бойынша, жаман әдеттердің алдын алу бойынша <i>(лудомания, нашақорлық, кибергигиена, зорлық зомбылық, қорқыту т.б)</i> турнирлер ұйымдастыру <i>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы</i>	Мектепішілік турнир	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, жоба жетекшісі	02.02.- 06.02.26ж
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жаңалық – жасампаз ойдан басталады»				
3	«Жасампаздық пен жаңашылдық» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы <i>(10 минут)</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	09.02-13.02.26ж
4	«Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі <i>«Балалар кітапханасы» жобасы</i>	Челлендж	Мектеп кітапханашысы, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	09.02.- 13.02.26ж
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жаңашылдыққа ұмтылған ел ғана дамиды» (Шоқан Уалиханов)				
5	«Жасампаздық пен жаңашылдық» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы <i>(10 минут)</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	16.02-20.02.26ж
6	«Startup» байқауы <i>Білім алушылардың қоршаған кеңістікті жақсарту жөніндегі идеялары бойынша форсайт сессиялары</i> <i>«SMART BALA» жобасы</i>	Инновациялық идеялардың тұсаукесері	Сынып жетекшілері, өзін-өзі басқару ұйымы, жоба жетекшісі	16.02.- 20.02.26ж
7	«Жасампаздық пен жаңашылдық» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы <i>(10 минут)</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	16.02-20.02.26ж
8	Кеңес әскерінің ауған жерінен шығарылғанына 36 жыл толуына орай іс-шаралар ұйымдастыру	Мектепішілік іс-шаралар	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы	16.02-20.02.26ж

			жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, АӘД пәні мұғалімі	
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлік пен жасампаздық – ел бағдары»				
9	«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» тақырыбында сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	23.02-27.02.26ж
10	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (вандализм, қоғамдық мүлікті қорғау) «Қоғамдық мүлікті қорға!» жобасы (алдын алу шаралары)	Мектепшілік алдын алу шарасы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (Қаржы департаментінің өкілдері, құқық қорғау органдары, мәдениет басқармасы)	Айына 1 рет
НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ 1 наурыз – Алғыс айту күні 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі 30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәуелсіздік - тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»				
1	«Алғыс – ізгі ниет» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	02.03-06.03.26ж
2	Алғыс айту күніне орай Мектеп/студенттік парламент арасында «Алғысым шексіз» челленджі	Әлеуметтік желілерге жариялау	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер	02.03-06.03.26ж
3	«Бәз бір-бірімізге керекпіз» жобасы: «Алғысым шексіз»	құттықтау	жоба жетекшілері	01.03.26ж
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Отан үшін отқа түс – күймейсін»				
4	«Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	09.03-13.03.26ж
5	«Ананың аялы алақаны» челленджі	Челлендж	Сынып жетекшілері	09.03-13.03.26ж

	<i>«Шабыт» жобасы</i>		Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	
6	«Анаға тағзым» мерекелік салтанатты шара	мерекелік кеш	10 сынып жетекшілері	07.03.26ж
7	«Ұлттық мәдениет» көрмесі <i>«Шабыт» жобасы</i>	Көрме	Көркем еңбек мұғалімдері, сынып жетекшілері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, жоба жетекшілері	09.03-13.03.26ж
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәуелсіз елдің тұғыры – бірлік, тірегі – елдік»				
8	«Наурыз – жыл басы» Қауіпсіздік сабағы <i>(10 минут)</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	16.03-20.03.26ж
9	«Наурызнама» тұжырымдамасы «Күй күмбірі» домбырашылар челленджі – Наурыз мерекесі аясында күйлер орындау <i>(таңдау бойынша)</i>	Бекітілген тұжырымдамаға сәйкес іс-шаралар ұйымдастыру, күй орындау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	16.03-20.03.26ж
10	«Наурыз жыл басы құтты болсын!»	мерекелік кеш	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	20.03.26ж
11	Мектеп театры Сыныптар арасында театрландырылған қойылымдар, зерттелген әдеби шығармалар бойынша қойылымдар, заңдар мен құқықтарды зерттеу бойынша қойылымдар <i>«Шабыт» жобасы</i>	Театр қойылымы	Эстетикалық цикл пәндер мұғалімдері, тілдік пәндер мұғалімдері, қосымша білім беру педагогтері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	16.03-20.03.26ж
12	«Жер сағаты» экологиялық акциясы <i>Энергия тұтынуды үнемдеуге және ресурстарға ұқыпты қарауға бағытталған акция</i> <i>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы</i>	Акция	Жаратылыстану ғылымдарының апталығы/онкүндігі шеңберінде пән мұғалімдері, жоба жетекшісі	16.03-20.03.26ж
13	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз	Мектепішілік алдын алу шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Айына 1 рет

	оқиғалардың алдын алу (діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы (алдын алу шаралары)		(Дін басқармасы «Ансар» ақпараттық орталығы т. б.)	
СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні 12 сәуір – Ғылым күні 15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні 23 сәуір – Ұлттық кітап күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап»				
1	«Біз таңдаған кітаптар» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	30.03-03.03.26ж
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Саналы да ерікті еңбек қана адамды бақытқа кенелтеді»				
2	«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	06.04-10.04.26ж
3	«Атадан-өсиет, анадан қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сынып («Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасы)	Шеберлік сынып	Сынып жетекшілері / педагог-психологтар	06.04-10.04.26ж
4	12 - сәуір ғарышкерлер күніне орай «Ғарышқа саяхат» макеттер байқауын ұйымдастыру	Әлеуметтік желілерге жариялау	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер	06.04-10.04.26ж
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбек жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы»				
5	«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	13.04-17.04.26ж
6	Өмірлік жағдайларға байланысты турнир («Ұшқыр ой алаңы» жобасы)	Мектепшілік турнир	Жоба жетекшісі	13.04-17.04.26ж
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»				

7	«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	20.04-24.04.26ж
8	«Түлектердің ағаш егуі» экочелленджі («Қамқор» жобасы)	Челлендж	Сынып жетекшілері Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	20.04-24.04.26ж
9	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (Вейптер, Спайстар мен есірткі туралы шындық) «Өмірге салауатты қадам» жобасы (алдын алу шаралары)	Мектепішілік алдын алу шарасы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)	Айына 1 рет
МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні 9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ынтымақ, бірлік, келісім – ең асыл байлық ел үшін»				
1	«Біз әртүрліміз, бір теңбіз» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	27.04-01.05.26ж
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ынтымақ — бұзылмайтын қорған, қосылып екенен ағаш — орман»				
2	«Бірлік және ынтымақ» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	04.05-08.05.26ж
3	«Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі «Шабьт» жобасы	Фестиваль	АӘДТ пән мұғалімдері, музыка пәнінің мұғалімдері, сынып жетекшілері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	04.05-08.05.26ж
4	Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасы	Суреттер, фотосуреттер көрмесі	Сынып жетекшілері	04.05-08.05.26ж
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлігі кеткен ел жаман, егесіп өткен ер жаман»				
5	«Бірлік және ынтымақ»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері, мектеп	11.06-15.05.26ж

	құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10минут)		психологы	
6	«Білімім – Отаныма!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	18.05-22.05.26ж
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ»				
7	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (Жазғы мезгілдегі қауіпсіздік: өрт қауіпсіздігі, су қауіпсіздігі, жол-көлік оқиғалары, теміржолдағы қауіпсіздік) «Қауіпсіз қоғам» жобасы (алдын алу шаралары)	Мектепшілік алдын алу шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ПД, ТЖД, СӨС, Өрт қауіпсіздік қызметі және т. б.)	Айына 1 рет
8	«Әншуақ» фестивалі «Шабыт» жобасы	Фестиваль	Үйірме жетекшілері, жоба жетекшісі	Мамыр